

БІЗ ТҰСАУЫН КЕСКЕН СОЛТҰСТІК АЙМАҚ БОЙЫНША ПОЙЫЗДАР ҚОЗҒАЛЫСЫН БАСҚАРУДЫҢ ӨНІРЛІК ОРТАЛЫҒЫНДА ЖАЛПЫ ЖҮК ТИЕЛІМІНІҢ БАСЫМ БӨЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН НЕГІЗГІ БӨЛІМШЕЛЕР ОРНАЛАСҚАН. БАСТЫ МАҚСАТ – ЖҰМЫС ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРЫП, ТИІМДІЛІККЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ. ТАСЫМАЛДАУ ПРОЦЕСІН БАСҚАРУДЫ ОРТАЛЫҚТАНДЫРУ – СТАНЦИЯЛАРДЫҢ ӨТКІЗУ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУҒА ҰҚПАЛ ЕТІП, ПАЙДАЛАНУ ШЫҒЫНДАРЫН ОҢТАЙЛАҢДЫРУҒА, ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ТРАНЗИТТІК ПОЙЫЗДАРДЫҢ МАРШРУТТЫҚ ЖЫЛДАМДЫҒЫН ҰЛҒАЙТУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.

Қанат ӘЛМАҒАМБЕТОВ,  
«ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары



№1 (2818)  
10/01/2023

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКИ ДЕРЖАТ УДАР СТИХИИ

**Железная дорога работает в любую погоду, и снегоборьба для работников стальной магистрали – дело привычное. В условиях обильных снегопадов сотрудники АО «НК «ҚТЖ» принимают все необходимые меры для обеспечения безопасного движения поездов.**

Алуа ТЛЕУБАЙ,  
Астана

С начала месяца с железнодорожных путей вывезено свыше 410 тысяч кубометров снега. В работах по очистке железнодорожной инфраструктуры от осадков задействовано 276 единиц специализированной снегоочистительной, снегоуборочной техники и порядка 10 тысяч работников.

Снегоборьба также включает в себя комплекс мер по очистке от снега пассажирских платформ, станций и остановочных пунктов, что является обязательным требованием безопасности.

Для оперативной очистки путей от снега заранее готовятся необходимые для этого ресурсы, техника и персонал. Поэтому даже во время объявления штормовых предупреждений железная дорога работает бесперебойно. Также на железной дороге большое внимание уделяется подготовке персонала, в частности первозимников – тех, кто впервые столкнется с особыми



условиями в зимний период.

За прошлую неделю зима добавила немало хлопот, наблюдаются обильные снегопады, метели. Во время неблагоприятных погодных условий, например, как сейчас, при ликвидации последствий снегопадов соответствующие службы переводятся на круглосуточный режим работы, создаются оперативные штабы, на объекты инфраструктуры выходит больше технического персонала, задействуется дополнительная снегоуборочная техника. Снегоборьба проводится круглые сутки в две смены – днем и ночью. Железнодорожники прилагают максимум усилий для организации устойчивого перевозочного процесса в сложных метеословиях. Из-за обильного снегопада ведутся

непрерывные работы по расчистке железнодорожного пути, стрелочных переводов, пассажирских платформ.

Испытание снежной погодой работники железнодорожной дороги выдерживают успешно. Свои усилия они направляют на то, чтобы движение поездов осуществлялось без перебоев, безопасно и надежно. Ведь обильные снегопады представляют серьезную опасность для движения поездов. Работники магистрали отмечают, пассажиры должны быть уверены, что на железной дороге их встретят комфортные и безопасные условия. К примеру, 8 января 2023 года из-за ухудшения погодных условий (буран, метель, обильный снегопад, ветер порывами 20 метров в секунду, мороз -23), образовавшихся снежных заносов,

по станции Койбагор участка Тобол – Есиль Костанайской области был задержан в пути пассажирский поезд № 38 сообщением Мангистау – Астана. Железнодорожники организовали работу по очистке путей от снега, что способствовало скорейшему отправлению поезда со станции.

А в условиях закрытия автодорог и перебоев в авиасообщении железнодорожный транспорт становится единственным перевозчиком пассажиров и грузов. Так, в условиях снегопада, метели, закрытия автомобильных дорог АО «НК «ҚТЖ» организовывается вывоз железнодорожным транспортом людей, эвакуированных с занесенных снегом автодорог.

(Продолжение темы на стр. 2-3)  
Фото Александра ЖАБЧУКА

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ НАРЫҚТА ҮЛЕСІ АРТҚАН

Отандық жүк тасымалдаушылардың халықаралық нарықтағы үлесі 7%-ке жетті. Соның ішінде теміржол көлігі бойынша жүктерді тасымалдау және жүк айналымы 6%-ке артқан.

Сондай-ақ, теңіз порттары арқылы жүктерді ауыстырып тиеу көлемі 19%-ке өскен. Оның ішінде контейнерлік тасымалдар 24%-ке ұлғайды. Бұл мәліметтер өткен жылдың 11 айының қорытындысы бойынша жасалған.

Бытыр теміржол көлігі саласындағы ірі жобалардың бірі – «Достық – Мойынты» учаскесінің екінші жолының құрылысы басталды. Сонымен қоса транзиттік учаскелердегі «тар шеңберлі» жерлерді жойып, тасымалдау көлемін ұлғайту үшін «Дарбаза – Мақтаарал» жобасы бойынша техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу мен «Бақты – Аягөз» теміржол учаскесінің құрылысы бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес теңіз порттарын «Ақтау теңіз порты» АЭА құрамына енгізу мәселесі пысықталып, бұл өз кезегінде әлеуетті инвесторлар үшін порт инфрақұрылымын дамыту жөніндегі жобалардың тартымдылығын арттыруға мүмкіндік бермек.

Теңіз көлігі саласында Ресей елімен теңізшілердің кәсіби дипломдарын өзара мойындау туралы келісім жасау жөнінде жұмысты жалғастыру көзделген. Көлікті цифрландыру саласында «Көлік құжаттарын басқарудың бірыңғай жүйесін» пайдалануға беру жоспарлануда. Бұл жүйе тауар-көлік жүкқұжаттары мен жол қағаздарын электронды форматқа ауыстыруға септігін тигізеді. Осының бәрі халықаралық нарықтағы жүк тасымалының үлесін одан әрі арттыра түсуге негіз болатын факторлар ретінде қарастыруға әбден болады.

Ұлан ОРАЗ

## Қорытынды

### РЕКОРДТЫҚ КӨРСЕТКІШ ЖЫЛЫ БОЛДЫ

**Өткен жылы «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ үшін шын мәнінде тарихи жыл болды деуге болады. Себебі, отандық теміржол рекордтық жүк айналымына қол жеткізіп, оның көлемі 252 млрд т-км неттодан асып түсті.**

Сұлугүл БАКЕСОВА,  
Астана

Соңғы жиырма жылдың ішінде бұл көрсеткіш екі есе өсіп, 2021 жылдың деңгейіне қарағанда 5,2%-ке өскен. Мамандар бұл жетістікке жүк тасымалына байланысты логистиканы өзгертіп, тасымал ұзақтығын арттыру және тау-кен металлургия өнімдерін өсіру арқылы қол жеткізілгенін айтады.

Сондай-ақ, 2022 жылы Қазақстан Республикасы мен Қытай халық республикасы арасындағы тасымал көлемінің тарихи максимумы орнатылып, 23 млн тоннаны құрады. Бұл көрсеткіш 2021 жылғы деңгейден 14%-ке жоғары. Оның ішінде экспорттық жөнелтілімдер 13%-ке, ел мұқтажы үшін импорт 9%-ке ұлғайды. Әрине, мұндай жетістік екі ел теміржолшыларының үйлесімді жұмысының нәтижесі болып табылады.

Қытайға тасымалдау сұранысының артуына байланысты Аягөз – Бақты үшінші теміржол шекара өткелін салу бойынша техникалық-экономикалық негіздеме әзірленуде. Бүгінгі таңда Достық – Алашанько және Қорғас – Жетіген шекаралық теміржол өткелдері жұмыс істейді.

Жалпы, 2022 жылы ҚТЖ желісі арқылы 250 млн тоннадан астам жүк тасымалданды. Әлеуметтік жүк – көмір тиеу 106,6 млн тоннаны құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 600 мың тоннаға артық. Соның ішінде ел ішіндегі тұтынушыларға 74 млн тонна көмір жеткізілді. Күн сайын облыс әкімдіктерімен бірлесіп қатты отын қорына мониторинг жүргізілуде, оның нәтижесі облыстарда көмір қоры жеткілікті екенін көрсетіп отыр. Тасымалдау процесінің барлық қатысушыларының үйлесімді жұмысының арқасында

шағымдар мен айыптаулар да жоқ.

Жыл қорытындысы бойынша астық тасымалдау көлемі 10 млн тоннаны құраса, бұл 2021 жылғы деңгейге қарағанда 12%-ке жоғары, оның ішінде экспортқа 8 млн тоннасы, яғни 18% өсіммен жөнелтілді. Тартылған астық өнімдерін тасымалдау 3 млн тоннаны құрап, өткен жылғы деңгейге қарағанда 20%-ке өскені байқалды. Астық тасымалдау кезінде негізгі проблема сәуір-қыркүйек кезінде квотаның қолданылуы болды, әсіресе, бұл жылдың соңғы үш айында рекордтық көлем – астық баламасында 1,5 млн тоннадан тасымалданған кезде тиелімнің күрт өсуіне әкелді.

Десек те, тасымал көлемінің жылдам өсіп, инфрақұрылым жүктемесінің көбеюіне қарамастан ҚТЖ тасымалдау жоспарының орындалуын қамтамасыз етті және келесі жылға арналған басымдықтарды белгіледі.

## ИСТОРИЧЕСКИЙ МАКСИМУМ

**В 2022 году железнодорожные грузоперевозки между Казахстаном и Китаем превысили исторический максимум, превысив 23 миллиона тонн.**

Роман ЛЮБИМОВ,  
Астана

По сравнению с 2021-м этот показатель вырос на 15%. Экспортные отправки при этом увеличились на 17%. В основном за счет роста перевозок продукции казахстанских предприятий: железной руды – на 17%, цветной руды – на 45%, черных металлов – на 6%, зерновых грузов в контейнерах – на 70% и других грузов – на 83%.

АО «НК «ҚТЖ» совместно с железнодорожными администрациями Китая проводилась работа по обеспечению беспрепятственного приема-передачи поездов, эффективному использованию мощности переходов. Четко и своевременно организовали работу в этом направлении железнодорожники Алматинского отделения грузовых перевозок, станций Достык и Алыткөл.

Учитывая возрастающий спрос на перевозки грузов в направлении Китая, прини-

маются меры по ускоренному развитию железнодорожной инфраструктуры. Так, для обеспечения бесперебойных перевозок отечественной продукции и развития транзитного потенциала страны в ноябре прошлого года началось возведение вторых путей на участке Достык – Мойынты. После реализации проекта пропускная способность участка увеличится в пять раз (с 12 пар грузовых поездов до 60 пар в сутки). В настоящее время разрабатывается технико-экономическое обоснование по строительству третьего железнодорожного пограничного перехода Аягөз – Бақты.

Реализация этих крупных инфраструктурных проектов даст импульс развитию экономики Казахстана и послужит увеличению грузопотока между странами.

Высокие показатели по итогам прошлого года достигнуты за счет слаженной работы железнодорожников двух стран.



Манат КУАНШБАЕВ,  
начальник Алматинской дистанции  
сигнализации и связи:



**АЛМАТИНСКАЯ ДИСТАНЦИЯ СИГНАЛИЗАЦИИ И СВЯЗИ – ЭТО ЕДИНСТВЕННАЯ ДИСТАНЦИЯ, КОТОРАЯ РАБОТАЕТ ПО НОВЫМ ТЕХНОЛОГИЯМ, ПРИЧЕМ РАЗРАБОТЧИКАМИ ЯВЛЯЮТСЯ САМИ ЖЕ РАБОТНИКИ ДИСТАНЦИИ. А ВВЕДЕНИЕ ЭЛЕКТРОННОГО ЖУРНАЛА РЕГИСТРАЦИИ И КОНТРОЛЯ УПРОСТИЛО РАБОТУ, НА КОТОРУЮ РАНЕЕ ЗАТРАЧИВАЛОСЬ БОЛЬШЕЕ КОЛИЧЕСТВО ВРЕМЕНИ**

## ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

СВЫШЕ  
**250 млн тонн**  
ГРУЗОВ ПЕРЕВЕЗЕНО ПО СЕТИ  
ҚТЖ В 2022 ГОДУ

31 ДЕКАБРЯ ПОЕЗДНЫЕ  
БРИГАДЫ АО «ПАССАЖИРСКИЕ  
ПЕРЕВОЗКИ» ВРУЧИЛИ БОЛЕЕ

**2,1 тыс.**  
ПОДАРКОВ ПО 44 МАРШРУТАМ

СВЫШЕ  
**74 млн тонн**  
КАМЕННОГО УГЛЯ ПЕРЕВЕЗЕНО  
ПО СЕТИ АО «НК «ҚТЖ» ВНУТРИ  
СТРАНЫ В 2022 ГОДУ



## ЭЛЕКТР ШАМЫ ОРНАТЫЛДЫ

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**  
Қызылорда



ҚАУІПСІЗДІК

Қызылорда станциясындағы жауу жүргіншілер көпірі самаладай жарқырап тұр. Көпірге Қызылорда жол дистанциясының өз күшімен, шаруашылық есебінен электр шамы орнатылды.

Сонау өткен ғасырдың ортасында, 1955 жылы салынғалы бері түрлі ағымдық күтім жұмыстарының нәтижесінде теміржолдың қос қапталына орналасқан халықтың кәдесіне жарап келе жатқан көпір жол дистанциясының теңгеріміне өткелі Марат Оңалов басқаратын Қызылорда жол дистанциясының жолшылары оның күтіміне көп көңіл бөлуде. Жаңа жылда жергілікті тұрғындардың ұсыныс-тілегіне орай көпірге электр шамдары орнатылып, жарықтандырылды.




Қызылорда жол дистанциясының көпір бригадасына Алпамыс Сағымов басқаратын Қызылорда электрмен жабдықтау дистанциясының жұмысшылары қол ұшын созып, участок басшысы Еркебулан Жақсылықов пен электромонтерлер Ермек Райханов, Мақсат Бақытбек электр желілерін тартып, жарық шамдарын орнатуды өз міндеттеріне алды.

– Түн мезгілінде көпірден өткен жауу жүргіншілерге көпір баспалдақтары анық әрі жарық болып көрінуі үшін қуаты жоғары жарық шамы биік бағанаға бекітілген шамға жалғанды. Жарықтандыру жұмыстары барлық техникалық қауіпсіздік талаптары шеңберінде орындалды, – деді жұмыстың басы-қасында жүрген Еркебулан Жақсылықов.

Суретті түсірген автор

## КӨПІР САЛЫНАДЫ

**Ерман ӘБДИЕВ,**  
Тараз



ИГІЛІК

Газетіміздің өткен айдағы санында Тараз қаласында теміржолмен қиысатын өткелге көпір салу қажеттігі жайлы мақала жарияланған. Міне, мәселенің оң шешімі табылып, Абай даңғылы бойындағы темір жол үстінен өтетін көпір салынбақ.

Қазіргі кезде темір жолдан өтетін екі өткел бар, біріншісі Жібек жолы даңғылы мен Балуан Шолақ көшесінің қиылысында, екінші жаңа үлкен өткел Айша бибі мен Байзақ батыр көшелерінің қиылысында орналасқан. Жаңа көпір Абай даңғылын біріктіріп, Балуан Шолақ пен Самарқанд көшелерінің қиылысында салынып, автокөліктердің еркін жүріп-тұруына жағдай жасалады.

«Біздің қазіргі істеп жатқан ең үлкен жұмысымыз – темір жолмен бөлінген Абай даңғылын қосып көпір салу. Егер сол көпір салынса, бәрі айналып жүрмейді. Қала әкімдігі құжаттарын дайындап жатыр, кейін өкіметпен жұмыс жасайтын боламыз», – деді облыс әкімі Нұржан Нұржігітов «Jambyl» телеарнасында өткен әкім сағатында.

## ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ШЫҒАРЫЛДЫ

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**  
Атырау



ЖЕТІСТІК

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның 25 жылдығы және Атырау жол бөлімшесінің 80 жылдығы аталып өткен былтырғы жыл мұнайлы астананың теміржолшылары үшін табысты болды.



Жыл қорытындысын жария еткен жиында Атырау жүк тасымалы бөлімшесінің басшысы Аслан Базарғалиев өлке темір жолының үздіксіз жұмысын қамтамасыз етіп отырған барша теміржолшыларға алғыс айтты. Сонымен қатар ерен еңбегімен ерекше көзге түскен бір топ қызметкерлер мен сала зейнеткерлері мерейтойлық төсбелгімен марапатталды. Олардың арасында ұзақ жылдар кадр бөлімін басқарған Тоқтарбай Досжанов, Атырау станциясына басшылық еткен Оңайғали Сисенғалиев сынды ардагерлер, Азиз Айжарықов, Нелли Матаева, Фарид Қажанова секілді бүгінгі таңда еңбектің ерен үлгісін танытып жүрген майталман мамандар бар. Бөлімше басшысы мерейі үстем болған жандарға зор денсаулық, отбасы амандығын және еңбек жемісін тіледі.

Суретті түсірген автор

## ӨЗ САЛАСЫНЫҢ КӘСІБИ МАМАНЫ

Темір жолдың барлық саласында ерлермен қатар табысты еңбек етіп жүрген әйелдер аз емес. Десек те, соның ішінде вагон шаруашылығын таңдайтын нәзік жан иелері сирек. Күні кеше бүкіл саналы ғұмырын темір жолға, соның ішінде вагон шаруашылығына арнаған кәсіби маман Рахима Дайырованы әріптестері ерекше сый-құрметпен зейнет демалысына шығарып салды.

**Райхан РАХМЕТОВА,**  
Астана

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ вагон шаруашылығы департаментінің бөлім бастығы Рахима Сәлімгерейқызына (Омарова) департамент басшылығы мен әріптестері көп жылдық адал еңбегі мен темір жолды дамытуға қосқан үлесі үшін алғыс білдірді. Салада 30 жылдан астам уақыт талмай, қажымай, табанды еңбек еткен оның ақыл-парасаты мен білімі, жұмысқа деген қабілеті мен жауапкершілігін әріптестері өте жоғары бағалайды.

Теміржолшылар отбасында дүниеге келген оның әкесі Дайыр Омаров – Ұлы Отан соғысының ардагері, соғыстан кейін 40 жыл Целиноград станциясында жүк қабылдап-жөнелтуші болып жұмыс істеген. Ал анасы Сәруар ұзақ жыл осы станцияда вагон жөндеуші болып еңбек еткен. Қызының осы жолға келуіне анасының ықпалы зор болған. Анасының жұмысымен бала кезінен жақсы таныс Рахима болашақта теміржолшы болатынын сол кезде-ақ нақты шешіп қойған еді.

Теміржол саласында жоғары білім алған кейіпкеріміз 1986 жылы жолдамамен Тобыл станциясына барып, еңбек жолын Құсмұрын вагон депосында бастайды. Мұнда вагондарды ағытып жөндеу цехының бригадирі болды. Сосын Целиноград станциясында дөңгелек жөндеу цехының шебері болып жұмыс істеді. Пойыздар қозғалысының қауіпсіздігіне тікелей қатысы бар салада ерлермен бірдей еңбек етіп, мол тәжірибе жинап шыңдалды. Ол кезде ұжымда негізінен ер азаматтар еңбек ететін, бірақ Рахима Дайырова олардан бір мысқыл да кейін қалмай, барлық көрсеткіштер бойынша жоғары нәтижеге қол жеткізді.

– Мен үшін жұмыс күні таңғы сағат 7-де басталатын. Цехқа ертерек келіп, сол күннің жұмыс көлемін бөліп, дайындап қоямын. Дегенмен менің қасымда үнемі мені қолдайтын тәлімгерлерім болды. Ұжымның қолдауы және қамқорлығын көп көрдім және сездім, – дейді Рахима Сәлімгерейқызы. Бірнеше жылдан соң еңбек қорғау жөніндегі инженер болды. Әріптестерінің айтуынша, еңбекқорлық, мақсатшылдық, әрбір жанмен

тіл табыса білу – Рахима Дайырованың бойындағы ерекше қасиеттер. Жұмысын үнемі жүйелі, тиімді жоспарлап, реттеп отырады. Ал басшылық оны вагон шаруашылығына үлес қосқан мықты маман ретінде жоғары бағалайды. Ол өз саласының нағыз майталманы, кәсіби маман болды дегенді бірауыздан мойындайды.

Оны қимастықпен зейнет демалысына шығарып салған әріптестері мен басшылық құрам ұзақ жылғы адал еңбегі үшін зор алғыс айтып, алдағы өміріне тек сәттілік серік болсын деген тілек білдірді.

– Бүгін мен жанымның бір бөлшегін темір жолда қалдырып бара жатқандаймын. Еңбек жолымда кездескен, менімен әріптес болған жандардың бәріне де алғысым мен құрметім шексіз, бәрі де жақсы көремін, баршаңызға денсаулық, еңбекте табыс тілеймін, – деп қоштасты әріптестерімен кейіпкеріміз.

Жары Ринатпен екі қыз тәрбиелеп өсірген Рахима Сәлімгерейқызы – теміржолшылар отбасының қызы ғана емес, 400 жылдық тарихы бар теміржолшылар әулетінің келіні. Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК



## Қыс – қатал сыншы

### ЖОЛДА ҚАЛДЫРМАДЫ

Ел шығысындағы ақ түтек боран мен қалың қар толастар емес. Бұл әсіресе жол қатынасына ауырлық әкелуде. Жуырда семейлік теміржолшылар жолда қалған автобус жолаушыларына көмек көрсетті.

**Абай ЕРТІС,**  
Семей

Апта соңында аймақтағы ауа райының қолайсыздығына байланысты 45 жолаушысы бар «Новосібір – Өскемен» бағытындағы халықаралық автобус Өскемен-Семей тас жолы жабық болғандықтан, айналма жол арқылы жүрген. Алайда Жарма ауданының орталығында жолдың жабық болуы себепті тоқтауға мәжбүр болды.

Жолда қалған жолаушыларға жергілікті

атқарушы органдар, полиция бөлімімен бірге теміржолшылар қауымы да көмекке келді. Жедел әрекет етудің нәтижесінде Ресейден келе жатқан жолаушылар іргелес орналасқан Жаңғызтөбе станциясына жеткізіліп, тиісті көмек көрсетілді.

Ауа-райының қолайсыздығына байланысты автожолдар жабылып, жолаушыларға теміржол арқылы жол жүру ұсынылған еді. Нәтижесінде Ресей Федерациясының азаматтары «рубль» ақшалай номиналдарын «теңгеге» ауыстырып, вокзалдан пойызға



билет алып, сапарларын жалғастырды. Көршілес елдің жолаушыларына Жаңғызтөбе станциясының бастығы Азамат Нұрғалиев бастаған жергілікті азаматтар ыстық ас беріп, сол күні теміржол вокзалынан 45 жолаушыны жолға шығарып салды.

Қазіргі таңда Абай облысында жолаушы және жүк қатынасында тек теміржол тораптары ғана штаттық режимде жұмыс істеп тұр.

## ҚАР ҚҰРСАУЫНАН ҚҰТҚАРЫЛДЫ

Жыл басында Жуалы ауданының таулы аймақтарына қар қалың түсіп, бірнеше күн қатты дауыл соқты. Жолда қалған жолаушылар діттеген жеріне жету үшін жылдағыдай темір жолға жетіп алуға тырысты. Ал теміржолшылар бірі батысқа, бірі шығысқа жол тартқан жолаушыларды дүлей боранның құрсауынан шығарып, пойыздарға отырғызды.

**Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,**  
Шымкент

Түркістан облысындағы таулы аймақта орналасқан Түлкібас станциясының ұжымы үшін бұл сын сағат еді. Станция бастығы Нематилла Тойшыбаевтың айтуынша, бұл – жыл сайын табиғаттың төтенше жағдайында қайталанатын құбылыс, сондықтан жергілікті теміржолшылар үшін бәрі алдын ала дайындалған, тек жедел іс-қимыл, әрекет қажет. Өткен бір аптада станцияға аялдаған 8 пойызға жан-жақтан жиналған 135 жолаушы отырғызылған.

– Атап айтқанда, біздің станцияға 1,5 сағатқа кешігіп келген №86 пойызға 60 жолаушыны



Таразға дейін отырғыздық. Ал оған дейін Атырау мен Алматы арасында қатынайтын пойызға – 40 адам, Шымкент – Алматы пойызына 30 жолаушыны жай-

ғастырып, сапарын әрі қарай жалғастыруына көмектестік, – дейді Нематилла Ергашбекұлы. Айтуынша, жаңа жыл мерекесінен кейінгі жайсыз ауа

райы салдарынан Жамбыл облысының Жуалы ауданы мен Түлкібас ауданы шектесетін тұстағы таулы аймақтан өтетін автокөлік жолы жабылған. Мұндайда теміржолшылар қауымы табиғаттың тосын мінезін туындайтын зардап-залалдың алдын алуға кіріседі. Түлкібас вокзалында жолда қалған жолаушылар үшін арнайы ыстық шәй ұйымдастырылып, өзге де қолайлы жағдайлар жасалуда. Бауыржан Рысқұлбекұлы, Тойлыбай Тұрсынәлиев, Жазира Жарлықапова, Әнипа Қалманова, Гүлжамал Қожабаева сынды станция қызметкерлері апта бойы осы істің басы-қасында жүр.

Суретті түсірген Ерман ӘБДИЕВ

Түлкібас жол дистанциясының жолшылары үшін де қарбалас күндер басталды. Түлкібас – Тараз телімінің таулы аймақтарына қар қалың түсіп, қаңтардың 3-4 күндері ұйытқы соққан дауыл аз әбігер әкелген жоқ.

**Арсен БАЙЗАҚ,**  
Түлкібас

Пойыздар қозғалысын тоқтатпай, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ұмтылған жолшылар Абайыл, Шақпақ, Боранды станцияларындағы бұрмаларды тазалауға кірісті. Оған дистанциядан 80 жұмысшы мен «Камаз Вахтовка», «Фермер» УАЗ көлігі тартылды. Боранды станциясында халық шоғыры көбейген соң жолаушыларға кедергі

болмасын деп платформа мен перронды да қардан тазалады.

– Жер рельефі күрделі аймақта еңбек ететін түлкібастық жолшылар үшін жол күтімінің де өзіндік ерекшеліктері мен осындай «тосынсылары» жетерлік. Техникалық сабақтарда бұл басты тақырыпқа айналған. Біздің жолшылардың бәрі дерлік өз кәсібін жақсы игерген, еңбекті қорғау мен өндірістік қауіпсіздік қағидаларын меңгерген мамандар десем, артық айт-

паймын. Қаңтардың 5-і күн ашылып, қар ери бастады. Дегенмен, алда тағы қар жауып, аязды күндер болатыны ескертілуде, сондықтан дайындығымызды одан әрі пысықтап отырмыз, – дейді Түлкібас жол дистанциясының бастығы Болат Бурабаев. Жалпы, дистанцияның Түлкібас – Тараз теліміндегі қызмет көрсететін аумағы – 112,2 шақырым. 240,9 шақырым бұрмалы жолдар бар. Дистанцияда 22 өткел болса, оның төртеуі ғана күзетіледі.



## ДОНЕСТИ ДО КАЖДОГО



**Важные для железнодорожников вопросы по работе в зимних условиях, выполнению эксплуатационных показателей, безопасности, охране труда, социальной сфере обсудили работники предприятий Защитинского узла на встрече с директором Семейского отделения грузовых перевозок Владимиром Бабиченко и транспортным прокурором ВКО Ерланом Төлегеном.**

**Ольга УШАКОВА,**  
Оскемен

Владимир Бабиченко отметил, что Семейское отделение грузовых перевозок завершает 2022-й с удовлетворительными показателями. По сравнению с прошлым годом, возросли перевозки угля, стройматериалов, в пять раз увеличились контейнерные перевозки. По итогам работы за октябрь 2022

года Семейское отделение грузовых перевозок заняло второе место в республике среди всех отделений.

Очень слаженно отработали железнодорожники Защитинского узла во время обильных снегопадов, не допустив задержек поездов.

Конечно, на встрече работники железной дороги задавали волнующие их вопросы, связанные с заработной платой,

социальными выплатами.


Представитель Центрального совета ОО «Казпрофтранс» Айгуль Жайлаубаева задала вопрос, который касается дополнительного экологического отпуска, который обязаны предоставлять работникам, трудящимся и проживающим в зоне радиационного риска, согласно областному соглашению между акиматом ВКО, объединениями профсоюзов

и работодателей. При этом не имеет значения, есть ли у работника удостоверение пострадавшего от последствий взрывов на Семипалатинском испытательном ядерном полигоне (СИЯП). Сегодня они уже получают ежемесячную доплату за проживание в экологически неблагоприятной зоне. Но дополнительный экологический отпуск пока не предоставляется. Этот вопрос находится на повестке дня с апреля 2021 года. Его передали в рабочую комиссию АО «НК «ҚТЖ».

– Мы на всех совещаниях озвучиваем, что такой вопрос есть, – отметил Владимир Бабиченко. – Но пока решения не найдено.

Ерлан Төлеген отметил, что в транспортной прокуратуре тоже занимаются этим вопросом. Также он заинтересован в вопросах медицинского обслуживания железнодорожников, социального обеспечения.

## ЧЕТКОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ПОТОКА



**Ровно год прошел, как в Алматы открылся Региональный центр управления перевозками. РЦУП-2 Алматы уже зарекомендовал себя успешным центром, работающим на перспективу.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматы

Региональный центр управления движением поездов Юго-Восточного региона объединил диспетчерские пункты Алматинского, Шымкентского, Жамбылского и Семейского отделений, эксплуатационная длина пути которых составляет 4 450 километров. Управление производится автоматически из единого центра, что, бесспорно, позволяет увеличить эффективность управления, при этом снижая эксплуатационные затраты.

Поздравляя коллег с днем рождения центра, начальник РЦУП-2 Алматы Айдос Турғалиев выразил большую благодарность всем подразделениям структуры, отметил работу 24 диспетчерских кругов, отделов, которые работают в единой связке, четко выполняя свои функции, обеспечивая безопасность движения поездов.

– И, хотя год был сложным, мы вполне справились со всеми возложенными задачами, выполняются показатели, разработаны мероприятия, предложения, направленные на улучшение эксплуатационной работы, – отметил Айдос Турғалиев.


Также проводится работа по формированию прямых поездов на промежуточных станциях по маршрутам Шелек – Шу, Отар – Караганда, Турксиб – Петропав-

ловск, Сарышаган – Алматы, Чемолган – Арыс, Алматы-2 – Шу, Уштобе – Оскемен, Уштобе – Семей, Чайкурк – Оскемен, Асса – Илийская.

Директор Алматинского отделения грузовых перевозок Нурым Жаниязов подчеркнул, что РЦУП-2 стал одним из лидеров на сети железной дороги, применив передовые методы по организации продвижения грузовых составов, недопущению брошенных поездов, успешно выполняющий задачи поездной и грузовой работы вверенной дислокации.

В свою очередь заместитель директора Алматинского отделения магистральной сети Адил Дуйсеев отметил, что благодаря слаженной работе диспетчерского аппарата успешно завершены капитальный ремонт пути в регионе, строительство трех дополнительных приемоотправочных путей на разъезде 19, а также строительство двух приемоотправочных путей на станции Алтынколь.

При этом были отмечены кадровый потенциал, оперативное планирование поездной и грузовой работы железнодорожных станций, узлов и участков на основании фактического выполнения сменно-суточного плана работы и информирования поездов и локомотивов с соседних отделений и стыковых пунктов железной дороги, умелое регулирование



вагонопотоков, управление местной и маневровой работой, оптимизация использования пропускной способности инфраструктуры и выполнения заданных размеров движения поездов по региону. Много добрых слов сказано в адрес работы отделов вагонного и локомотивного хозяйства, инфраструктуры, перевозочного процесса, взаимодействия с внешними стыками.

В рамках праздника почетными грамотами, благодарственными письмами от руководства наградили лучших специалистов, в числе которых: поездной диспетчер Улан Тукешев, инженер отдела по местной работе (Шымкент) Пернекул Байтакова, диспетчер отдела по местной работе (Тараз) Раушан Абишева, инженер отдела по местной работе (Семей) Светлана Касымжанова и другие.

Фото автора

## ИЗВЕЩЕНИЕ О ТОРГАХ

Акционерное общество «КТЗ Express» (далее – АО «КТЗ Express») объявляет о проведении электронных торгов по продаже имущества АО «КТЗ Express», которые начнутся 20 января 2023 года в 11.00 (время Астаны) на веб-портале Реестра государственного имущества: [www.gosreestr.kz](http://www.gosreestr.kz).

Реализация имущества осуществляется в соответствии с Правилами реализации имущества АО «КТЗ Express», утвержденными решением Совета директоров АО «КТЗ Express» (протокол от 10 января 2018 года № 1) (далее – Правила) и Регламентом проведения электронных торгов по продаже имущества на веб-портале реестра государственного имущества, утвержденным решением Совета директоров АО «Информационно-учетный центр» (протокол от 23 мая 2014 года № 66) (далее – Регламент).

На аукцион на понижение цены выставляются следующие имущества:

№	Наименование имущества	госномер	год	начальная стоимость	стартовая стоимость	минимальная стоимость	гарантийный взнос
1	Полуприцеп «СЗАП 99051/SZAP 99051»	35DDA01	2008	1 497 000	4 491 000	1 047 900	224 550
2	Полуприцеп «СЗАП 99051/SZAP 99051»	51DFA01	2008	1 309 000	3 927 000	916 300	196 350
3	Полуприцеп БОРТОВОЙ «ОДА3885/ОДА3885»	03ESA02	1979	193 000	579 000	135 100	28 950
4	Полуприцеп «СЗАП 99051/SZAP 99051»	50CZA04	2008	1 521 000	4 563 000	1 064 700	228 150
5	КАМАЗ 54115-010-15	187AT04	2014	8 017 000	24 051 000	6 413 600	1 202 550
6	Полуприцеп ППК Зрдт 931-05	45CUA04	2015	2 806 000	8 418 000	2 244 800	420 900

Регистрация участников торгов на веб-портале реестра со дня публикации извещения на веб-портале реестра и заканчивается за два часа до начала торгов.

Для регистрации в качестве участника торгов необходимо на веб-портале реестра зарегистрировать заявку на участие в торгах по форме, согласно приложению к Регламенту, подписанную ЭЦП участника.

Торги в форме аукциона методом на понижение цены.

Гарантийные взносы вносятся на счет АО «Информационно-учетный центр»: БИН: 050540004455, БИК: KZKOKZKX, ИИК: KZ 529261501102032004, АО «Народный Банк». Назначение платежа: **гарантийный взнос для участия в электронном аукционе (в размер гарантийного взноса оплата банковских услуг не входит).**

Банковская гарантия в качестве гарантийного взноса не принимается.

С целью своевременного поступления гарантийных взносов на счет АО «Информационно-учетный центр» рекомендуется оплатить гарантийный взнос не позднее трех дней до окончания приема заявок.

Протокол о результатах торгов формируется веб-порталом реестра, подписывается с использованием ЭЦП продавцом и победителем торгов в день проведения торгов.

В случае неподписания участником, победившем в торгах, протокола о результатах торгов гарантийный взнос не возвращается. Победителем считается участник, первым подтвердивший свое желание приобрести объект продажи по объявленной цене и подписавший протокол об итогах торгов.

Протокол о результатах торгов является документом, фиксирующим результаты аукциона и обязательства победителя и продавца подписать договор купли-продажи имущества по цене продажи.

Договор купли-продажи с победителем подписывается в срок не более десяти календарных дней со дня подведения итогов торгов веб-порталом реестра.

Победитель обязан произвести за свой счет все расходы, связанные с куплей-продажей имущества, включая, но не ограничиваясь, расходы по регистрации имущества и уплату соответствующих налогов и других платежей в соответствии с

законодательством Республики Казахстан.

Победитель, подписывая протокол об итогах торгов, подтверждает, что на момент покупки объекта он полностью ознакомлен и согласен с техническим состоянием объекта и его недостатками.

Победитель согласен с тем, что недостатки объекта возмещению не подлежат и продавец не несет никакой ответственности за любые недостатки объекта.

Победитель обязуется не предъявлять требования к продавцу по вопросу качества, комплектности объекта.

С положениями о порядке проведения электронного аукциона, порядке оформления участия в торгах, об условиях определения победителя можно ознакомиться в Правилах и Регламенте, которые находятся в публичном доступе на сайтах АО «КТЗ Express»: [www.ktze.kz](http://www.ktze.kz) и АО «Информационно-учетный центр»: [www.gosreestr.kz](http://www.gosreestr.kz).

Дополнительную информацию можно получить по телефонам: 87710838734 (АО «КТЗ Express»), г. Астана, Дінмухамед Қонаев, 10, и 8-7172-55-29-81 (АО «ИУЦ»), г. Астана, ул. А. Жубанова, д. 16, 4-й этаж.

## МАРШРУТ ДЛЯ УРАНА

**Руслан РАХМЕТОВ,**  
Астана



**АО «КТЗ Express» участвует в поставке казахстанского урана через Транскаспийский маршрут.**

Компания оказывает сервис по доставке природного урана НАК «Казатомпром» через Транскаспийский международный транспортный маршрут (ТМТМ) в направлении портов Европы и Америки.

Комплекты контейнеров, груженых спецгрузом, формируются на казахстанских станциях Жанатас и Оскемен. Далее через морские порты Актау, Баку и Потти следуют в направлении пунктов назначения. Новым маршрутом НАК «Казатомпром» планирует экспортировать 3,5 тысячи тонн урана, то есть шестую часть своей ежегодной добычи.

Напомним, что НАК «Казатомпром» успешно использует ТМТМ в качестве альтернативного маршрута для поставки своей продукции на западные рынки с 2018 года. Это делается для нивелирования потенциального риска недоступности основного маршрута по какой-либо причине.



## ТО МЕТЕЛЬ, ТО ГОЛОЛЕДИЦА

**Светлана МОГАЙ,**  
Караганда



**В связи с выпавшими обильными осадками на территории Карагандинской области на станции Майкудук работники усиленно ведут борьбу со снегом.**

– На узле была применена снегоочистительная техника для расчистки главных и приемоотправочных путей. В первую очередь снегоборьба производилась на станции Караганда, так как она в большей степени предназначена для отправки и прибытия пассажирских составов, – рассказывает инженер-технолог первой категории станции Майкудук Ольга Дорофеева. – Очень важно, чтобы поезда не испытывали затруднений из-за снежных заносов. Что касается станции Майкудук, то, согласно внутреннему порядку, стрелочные переводы очищали работники ПЧ. Все действия осуществляются под руководством мастера пути.

За первую неделю года шахтерскую столицу накрыли обильные снегопады. За несколько дней с выпавшими осадками едва справлялась специальная техника. Всего с территории города было вывезено более 12 тысяч кубометров снега.

На сегодняшний день обильные снегопады сменялись дождливой и пасмурной погодой, а также гололедом. В ближайшее время в Карагандинской области ожидаются заморозки до -30 градусов по Цельсию.

Фото автора

## ЛУЧШИЕ ИЗ ЛУЧШИХ В РЕГИОНЕ

**Айлин БАУРЖАН,**  
Астана



**В филиале ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» проведен второй этап конкурса на звание лучшего осматрщика вагонов, машиниста и составителя поездов.**



Так, в ходе первого этапа прошел отбор лучших из лучших среди участников. В ходе конкурса проверялись практические и теоретические знания участников по обеспечению безопасности движения. В частности, оценивались знания правил технической эксплуатации железных дорог, инструкции по сигнализации на железных дорогах, по движению поездов и маневровой работе. По словам организаторов, данный конкурс направлен для повышения уровня знаний и мотивации работников, обмена опытом по действиям работников в нестандартных ситуациях.

Победителями стали участники, набравшие наибольшее количество баллов в каждом этапе конкурса. Так, по итогам конкурса лучшими по своей профессии признаны осматрщик вагонов ППО станции Нур-Султан Газиз Мухамеджанов, составитель поездов станции Тайынша Степан Осипов, машинист ТЧЭ-10 Илья Климентьев.

– Большие победы завоевываются нелегким трудом, тем они особенно ценны. Условия конкурса нам были известны, со всеми операциями мы справляемся в ежедневной работе. Тем не менее конкурс оказался напряженным. Среди лучших из лучших участников было немало достойных соперников, – отметил Степан Осипов.

Победителям вручены дипломы и денежные вознаграждения, остальным участникам – грамоты и сувениры.

Фото автора



## МҰРАЖАЙҒА САЯХАТ



ӘЛЕУМЕТ

**«SOS Астана» балалар ауылы мен Жасөспірімдер үйінің 20 шақты тәрбиеленушісі «КТЖ» ҰК» АҚ бас ғимаратындағы Орталық мұражайға экскурсияға келді. «Дара» қайырымдылық қоры мен «Қазкөліккәсіп» ҚБ бірлесе ұйымдастырған экскурсия барысында олар 37-қабаттағы «Қысқы бақты» да тамашалап, кәсіподақ атынан сыйлықтарға ие болды.**

**Райхан РАХМЕТОВА,**  
Астана

Аталған қордың «Тәлімгерлер» жобасының үйлестірушісі Бекназар Қазиевтің айтуынша, қорда республика бойынша 15 қалада өз еркімен сынақтан өтіп, іріктеліп алынған 200-ден астам тәлімгер бар, соның екеуі – ҚТЖ қызметкерлері. Олардың басты мақсаты – балаларды әлеуметтендіру, үлкен өмірге дайындау.

– Қазақстан теміржолының музейін көруге шақырғанда бірден келістік, балалар болат жолдың қыр-сырымен танысып, жан-жақты дамысын дедік. Теміржолшы мамандығын толығырақ білсін дедік. Мүмкін араларынан болашақ теміржолшы шығып қалар. Мұнда балалардың тәлімгерлері еріп келді. Соның ішінде Данияр мен Нұрлан – теміржолшы тәлімгерлер, – дейді Б.Қазиев.

Музей менеджері Ақмарал Молдашева балаларға мұражайды аралатып, әрбір экспонаттың тарихымен таныстырды. Осы сәтті пайдаланып, екі теміржолшы



тәлімгермен тілдестік. Солардың бірі – Данияр Омаров ұлттық компанияның «Ари жобалар бойынша дирекциясы» филиалының құқықтық мәселелер жөніндегі бас менеджері қызметінде.

– «Дара» қорының «Тәлімгерлер» жобасына 2022 жылы мамыр айында өттім. Менің шәкіртім – елордадағы «SOS Астана» балалар ауылының тәрбиеленушісі, 16 жастағы Владимир. Бізге жоба бойынша баланы өздері таңдап береді. Бір қарағанда Вованың мінезі, болмысы өзіме ұқсайды.

Қордың психолог мамандары соған мән берген секілді. Жалпы жоба бойынша 11 жастан жоғары балаларға тәлімгерлік етуге рұқсат етіледі. Біздің келісімшарт бойынша міндетіміз – бұл баламен әр жексенбі сайын танертең сағат 11.00-ден кешкі 18.00-ге дейін кездесу, бір жерге бару, жалпы бірге уақыт өткізу. Өзіміз 4 балам бар, жасым 35-те. Дегенмен мен Вовамен кездесуге қашан да уақыт табамын, – дейді Данияр.

Жоба мақсаты – баланы әлеуметтендіру, қоғамға бейімдеу болған.

дықтан тәлімгерлер оларға базар мен дүкендерде қалай сауда жасау керектігін, күнделікті тұрмыста кездесетін мәселелерді қалай шешуге болатынын, қоғамда тағы қандай жағдайлармен ұшырасу мүмкіндігін ертіп жүріп көрсетіп, түсіндіреді, ақыл-кеңесін береді. Киноға, кафеге, көрмеге баруға, жағалауда серуендеуге, жазда бірге көлге түсуге болады. Жүзбе-жүз кездеспесе де телефон мен ватсап арқылы балалар тәлімгерімен ақыл-кеңес сұрап тұрады. Бірақ қамқорлық танытатын деп оларға қымбат зат алып беруге, қымбат киізмен көрсетуге болмайды. Біраз уақыт өте келе тәлімгер баланы өз отбасымен таныстырып, үйіне шақыра алады.

Екінші тәлімгер Нұрлан Дүйсенов «КТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС ішкі бақылаудағы тәуекелдерді басқару саласында қызмет етеді.

– Бұл жобада екі жылдан бері жүрмін. Менің қамқорлығымдағы 13 жасар Ислам алғаш танысқанда өте ұяң, ашылып сөйлемейтін бала болды. Себебі олар көбіне қоғамға бейімделмеген. Мектеп пен балалар ауылының арасында үнемі бақылауда болады. Сондықтан мен оны күнделікті өзім баратын жерлерге апарамын. Тіпті кейде көлік бұзылып қалса, соны жөндеуге барғанда көре берсін деп ертіп барамын. Одан бөлек екеуіміз ақылдаса отырып, басқа да жерлерге барамыз, – дейді Нұрлан.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

## Социум

### ЕДИНСТВОМ СИЛЬНЫ

**Сертификат на сумму 170 тысяч тенге вручили работники Костанайского филиала ТОО «Военизированной железнодорожной охраны» двум братьям-сиротам.**

Как сообщил заместитель директора Костанайского филиала ТОО «Военизированной железнодорожной охраны» Олжас Мырзахметов, еще в 2014 году было принято решение об организации работы по социальной поддержке детей Костанайского областного детского дома. В результате чего филиалом были взяты на патронат братья-близнецы Артем и Никита Кондратьевы, оба со статусом «круглая сирота». Несколько раз в году по значимым событиям работники филиала ВЖД оказывают сиротам регулярную и существенную помощь. Собирают их в школу, дарят подарки на Новый год и Наурыз. Также было принято решение ежегодно перечислять на лицевой счет каждого ребенка денежные средства. И так вплоть до достижения ими 18-летнего возраста. Деньги эти должны будут пойти на приобретение жилья братьям-сиротам.



И вот, придерживаясь благородной традиции, представители руководства и профсоюза филиала ВЖД провели очередную благотворительную акцию – навестили братьев, подарив им микроволновую печь и сертификат на сумму 170 тысяч тенге. Вручая подарки, Олжас Мырзахметов и председатель профсоюзного комитета Костанайского филиала ТОО «Военизированной железнодорожной охраны» Орал Айткенов поздравили братьев с наступившим Новым годом, пожелав крепкого здоровья и успехов в учебе.

*Аслан КУДАБАЕВ, Костанай  
Фото автора*

## Спорт

### МЕРЕКЕЛІК КӨНІЛ КҮЙМЕН...

**Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесінің кәсіподақ ұйымы сала ардагерлеріне жаңа жылда мерекелік көңіл күй сыйлады. Зейнеттегі ақсақалдардың басын қосып дойбы мен шахматтан жарыс ұйымдастырып, соңынан дастархан жайды.**

**Ерман ӘБДИЕВ,**  
Тараз

Ардагерлермен басқосуға Астанадан арнайы келген қонақ – «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасының орынбасары Жұпарбек Сәбитов сөз сөйлеп, Қазақстан темір жолының 25 жылдығы мен Сала кәсіподағының 30 жылдығы кең көлемде атап өтілген жылда жүзеге асырылған шараларға тоқталды. Осы мерейлі даталарға орай ұйымдастырылған іс-шараларда сала ардагерлері де ұмыт қалмағанын жеткізіп, олардың ерекше белсенділігі үшін алғыс айтты. Кәсіподақтың Жамбыл филиалының төрағасы Жұман Сәменов пен Жамбыл бөлімшесі кәсіподақ ұйымының төрағасы Серік Ақшораев та құттықтау сөз сөйлеп, ардагерлерге амандық тіледі.

Көптен бері бас қоспаған ардагерлер



дастархан басында өткен-кеткеннен естелік айтып, әдемі әңгіме шертіп, көңілді отырды. Ал дойбыдан өткен жарыста бірінші орын

ды Жамбыл жол дистанциясының ардагері Баймахан Дәрібаев иеленсе, екінші орынды Жамбыл белгі беру және байланыс дистанциясының ардагері Қанат Сембиев, үшінші орынды Жамбыл локомотив пайдалану депосының ардагері Мейірбек Тұстықбаев иеленді.

Шахматтан Жамбыл локомотив пайдалану депосының ардагерлері Тағат Шоңғараев бірінші, Көшербай Назаралиев екінші орынды иеленді. Ал Жамбыл бөлімшесі ардагерлер кеңесінің төрағасы, Жамбыл белгі беру және байланыс дистанциясының ардагері Бауыржан Найманбаев үшінші орынды місе тұтты.

Жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар берілсе, қалған сала ардагерлері де сый-сияпатсыз қалмады. Кешке дейін көңіл көтерген ардагерлер тамаша көңіл күймен тарқасты.

*Суретті түсірген автор*

## БЕГОМ – К УСПЕХУ!

**Менеджер департамента корпоративного развития ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Максат Ерменов занял третье место на прошедшем 14-м ежегодном ультрамарафоне Self-Transcendence («Самопреодоление»).**

**Руслан РАХМЕТОВ,**  
Астана

Ультрамарафоном считается забег на дистанцию, длина которой превышает традиционные 42 километра 195 метров. На 14-м ежегодном ультрамарафоне участникам предлагалось пробежать 6-часовой и 12-часовой забеги. За этот промежуток времени спортсмены должны преодолеть как можно большее расстояние. В этот раз в Карагандинском легкоатлетическом манеже имени Казыбека Нуржанова в беге, а скорее в выносливости, состязались 35 спортсменов из разных городов Казахстана и России.

В нынешних соревнованиях Максат Ерменов выступал в возрастной категории 18-45 лет среди мужчин. По итогу финишного времени железнодорожнику удалось пробежать официально по протоколу результатов 93 километра 400 метров, по часам – 102 километра 200 метров.

– Для меня честь представлять нашу компанию на соревнованиях, выйдя на пьедестал

победителей. Поэтому я с гордостью развернул флаг АО «НК «КТЖ». Ранее я не участвовал в ультрамарафонах. Спортом занимаюсь свыше года, гонка выдалась нелегкая, повышенная конкуренция, длительность давались тяжело. Благодаря поддержке и плану соревновательного темпа удалось занять третье место. Все 12 часов в голове была цитата великого чемпиона по триатлону Марка Аллена: «Вы можете продолжать бежать, и тогда ваши ноги будут болеть неделю. А можете сойти с дистанции, и тогда ваша душа будет болеть всю жизнь», – поделился после забега Максат Ерменов.

В данный момент Максат приступил к подготовке для участия в соревнованиях серии Ironman, Oceanman, Almaty Marathon. К слову, они считаются одними из наиболее сложных состязаний в мире. К слову, сегодня триатлон пользуется особой популярностью среди работников КТЖ. Атлеты из разных регионов Казахстана, в том числе ветераны



спорта, объединились в Railways athletics club. – Занимайтесь спортом и берегите себя, вступайте в ряды спортсменов железнодорожников, – заключил Максат Ерменов.

По словам организаторов, главная цель ультрамарафона – приобщить население страны к систематическим занятиям бегом, выявить сильнейших спортсменов, а также реализация такого подхода, при котором главным стимулом для участия является победа над собой.

*Фото автора*

## БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

**Аягөз локомотив пайдалану депосының теміржолшылары қайырымдылық шараларын ұйымдастырды Семей ЖТ бөлімшесі бойынша көш басында келеді.**

Бұл орайда депо басшысы Алмас Жанатқалиұлының жетекшілігімен бірқатар игілікті іс сәтiмен жүзеге асырылып келеді. Жұырда аягөздік локомотившілер өткен балалар жылын қорытындылады. Осыған орай теміржолшылар шаһарындағы балаларға арналған арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы мен Аягөз ауданы әкімдігінің аумақтық әлеуметтік көмек көрсету орталығының тәрбиеленушілері үшін үлкен тарту жасады. Кішкентай бүлдіршіндерге түрлі сыйлықтар табыстады.

Өз кезектерінде балақайлар да қарап қалмай, теміржолшы аға-апалары үшін арнайы әзірленген концерттік бағдарлама аясында өнер көрсетіп, жаңды дауыста ән шығарды.

– Мұндай игілікті шаралар алдағы уақыттарда да жалғасын табатын болады. Қамқорлық көрсету – парызымыз, – дейді бұл орайда аталмыш мекеменің кәсіподақ ұйымы төрағасы Ғалинұр Мырзахметов.

*Абай ЕРТІС, Семей*

## ВЕРШИ ДОБРО!

**Стало уже доброй традицией для работников станции Алтынкөл Ельдара Байсакова и Максата Бельбева поздравлять детей из поселка Аулигаш Панфиловского района с Новым годом.**



В этот раз алтынкөлцы привезли сладости, фрукты, подарки, развивающие игрушки.

Неравнодушные гости устроили маленьким друзьям праздничное торжество с развлечениями и играми, дарили детям тепло и радушие. В школе при поддержке активистов нарядили настоящую елку с Дедом Морозом и Снегурочкой.

Дело в том, что в поселке проживают дети, которые страдают различными заболеваниями, поэтому ребята взяли под патронат маленьких друзей и устраивают благотворительные акции второй год подряд.

– Мы сегодня сами отдохнули душой, – говорит мастер участка ЖКХ станции Алтынкөл Ельдар Байсаков. – Показывать детям положительный пример, развивая такие качества, как доброта, милосердие, мотивировать их на положительные поступки и позитивное мышление, видеть их радостные лица. Пусть доброта всегда царит в сердцах детей.

Весь праздник сопровождался хороводами и песнями, играми, добрыми пожеланиями.

Особенно были растроганы родители детей, которые благодарили железнодорожников за оказанное внимание, ведь для каждой семьи это имеет огромное значение.

*Елена КОЛДАСБАЕВА, Алматы  
Фото автора*

**КАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ**  
Бас редактор  
**Дина Муздубаева**  
Бас редактордың орынбасары  
**Меруерт Өмірзақова**

**Газет басылатын қалалар:**  
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.  
«Хабар-Сервис» ЖШС  
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.  
«ERNUR Print» ЖШС

**Басылымның таралымы 11 340**

**Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.**

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су келігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдел басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынбай, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

**Кезекші редакторлар:**  
**Р. Рахметов, Р. Рахметова**

**Меншікті тілшілер:**

**Алматы:** Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80  
**Атырау:** Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66  
**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушакова 8-777-203-51-87  
**Маңғыстау:** Шахида Жұманова 8-707-886-72-45  
**Орал:** Анна Паничева 8-707-910-74-17  
**Қызылорда:** Сабыржан Нәдрібәев 8-778-409-78-59  
**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53  
**Жамбыл:** Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73  
**Қарағанды:** Светлана Могай 8-777-893-66-76  
**Қостанай:** Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00  
**Павлодар:** Айдана Ертай 8-777-498-31-61  
**Ақтөбе:** Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97  
**Шымкент:** Нұрлыбек Досыбай 8-702-548-00-92

Редакцияның мекен-жайы:  
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.  
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

**Газетті тарату жөніндегі менеджер**  
**Асель Распаева,**  
тел.: 8 775 198 15 61,  
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.